

5-апта

№ 9-10 Дәріс тақырыбы Грамматикалық тәсілдер мен ішкі жолдары

1. Грамматикалық мағынаны берудің аналитикалық тәсілі: аналитикалық етістіктердің грамматикалық мағыналары
2. Грамматикалық мағынаны берудің аналитикалық тәсілі: шылаулардың грамматикалық мағыналары

1. Грамматикалық мағынаны берудің келесі тәсілі – аналитикалық тәсіл. Синтетикалық тәсілдің сөздің өз ішінде орын алатынын айтқан Ә.Хасенов аналитикалық тәсілдің сөзден тыс қолданылатын амалдар арқылы берілетінін ерекшелейді: «Аналитикалық тәсілдер дегеніміз – сөздің грамматикалық мағынасының сөздің өз ішінде емес, сол сөзден тыс қолданылатын амалдар арқылы білдірілуі» (231). Мұның ішкі жолдары: тіркесу, қосарлау, орын тәртібі, Ә.Хасеновте: сөздердің орын тәртібі тәсілі, көмекші сөзден тәсілі, интонация тәсілі). Барлық жолдары қазақ тілінде кездеседі. *үйге дейін барды* сөз тіркесін бір ғалымдар аналитикалық тәсілге жатқызса, біреулері аналитикалық-синтетикалық тәсілге жатқызады.

Сөзжасам тәсілдері (синтетикалық және аналитикалық) арқылы туған жаңа сөздер: туынды түбір, күрделі сөздердің түрлері: біріккен сөз, қос сөз, тіркесті сөз, қысқарған сөз құрамы жағынан морфологиямен байланысты. Басқаша айтқанда, тілдік процесс жағынан сөзжасам тәсілдері (қосымша арқылы, сөздерді біріктіру арқылы, қосарлау арқылы, сөздерді тіркестіру, қысқарту арқылы) де, соның негізінде туған нәтиже – туынды түбір, біріккен (кіріккен) сөз, қос сөз, тіркесті сөз, қысқарған сөз – морфологиялық жағынан көп құрамды тілдік элемент. «Кейде сөз тудырудың аналитикалық тәсілдері қайсы дегенде, оған біріккен сөз, қос сөз т.б. деп ұшқары жауап беріледі. Бұл дұрыс емес», - дейді С.Исаев. - Бұлар – сөз тудырудың тәсілі де, жолы да емес, тек сол тәсіл арқылы туған нәтиже (салдар) ғана. Бұл жерде диалектикалық себеп-салдарлық байланыс айқын көрінеді. Сөз тудырудың жолы – сөздерді біріктіру, қосарлау, тіркестіру. Бұларды ажыратудың принципті мәні бар. Себебі 1) сөз тудырудың аналитикалық жолының түрлері ретінде, яғни сөздерді біріктіру (біріккен сөз емес), қосарлау (қос сөз емес), тіркестіру (тіркесті түбір емес) тұрғысынан бұлар сөзжасам проблемасының шеңберіне енеді де, тілдік процесс ретінде динамикалық түрде тілдің лексикалық құрамын байытатын жол, тәсіл болады; 2) сол арқылы, яғни белгілі бір тілдік процесс арқылы туынды нәтиже ғана статикалық күйде танылып, біріккен (кіріккен) сөз (біріктіру емес), қос сөз (қосарлау емес), тіркесті түбір (тіркестіру емес) болып саналады да, құрамы жағынан, компоненттерінің бір-бірімен қатынасы жағынан грамматикалық сипаты арқылы морфологиямен де астасып кетеді. Тілдік құбылыстардың мұндай диалектикалық қасиеті бола береді».

Сөз құрамы жағынан негізгі түбір сөзжасамға қатысы жоқ сияқты. Бірақ сөз тудыру процесінің барлық тәсілдері де сол сөзден, түбірден басталады, яғни түбір сөз сөзжасамға негіз болады. Сөзжасам мен сөз құрамының түрлері арасындағы диалектикалық байланыс осыдан басталады. Түбір сөзге А.Ысқақов мынадай анықтама ұсынады: «Сөздің өз алдына тұрып мағына бере алатын, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін түпкі мағыналы бөлшегі түбір немесе негізгі түбір, немесе түбір сөз деп аталады». Мысалы: *бас, қол, жүр, бес* т.б. *Бас, бастық, басшы, басқар* десек, бәрі бірдей түбір сөздер емес, түбірлес сөздер. Тек бас сөзі ғана түбір сөз болады.

Қазақ тілінде түбір сөз форма жағынан да, мағына жағынан да өз алдына жеке сөз ретінде қолданылатын дербес сөз болуы шарт. Мысалы, *біл, сөз, айт, ес, тас* т.б. сөздерден бірнеше туынды сөздер жасай беруге болады. Мысалы, *біл-білім, білімпаз, білгір* т.б. Бір түбірден өрбіген осындай туындысөздер түбірлес сөздер деп аталады.

Алайда кейбір түбір деп танылып жүрген сөздердің бір кезде тарихи тұғыдан бөлшектене алатындығын айту қажет. Мысалы, *момын, момақан, момыш; шалқақ, шалқасынан, шалқалау* сөздерінің түбірлес екендігі көрініп тұр. Бұл сөздердің түбірлері *мом* және *шалқ* екендігін айтуға болады. Бірақ бұл морфемалар қазіргі тілде дербес сөз

ретінде жұмсалмайды. Грамматикада мұндай түбірлерді өлі түбірлер немесе көнерген негіздер деп атайды.

Қазіргі түбірлердің бәрі лексикалық, грамматикалық, дыбыстық жағынан тұрақты бір бүтін тұлғалар. Мысалы: *кел, ол, бұл, ас, жүз, оян, оят, ояу* т.б. Бірақ тарихи тұрғыдан қарағанда түбір мағына жағынан да, дыбыстық жағынан да дамып қалыптасады. Мысалы, қазіргі кез тұрғысынан *оян, ояу, оят; жақ, жан, жалын, қайт, қайыр* сөздері – түбір сөздер. Ал тарихи тұрғыдан бәрі – туынды сөздер. А.Ысқақов *жақ, жан, жалын* сөздері –қ, -н, -л+ын қосымшалары арқылы бастапқы жа деген түбірден, *жалаң, жалқы, жалғыз* сөздері – аң, -қы, -ғыз қосымшалары арқылы жал деген түбірден, *қайт, қайыр* сөздері –т, -ыр жұрнақтары арқылы *қай* түбірінен туған дейді. Мұндай түбірлерді көнеленген түбір деп атайды.

Сөзжасам саласында *туынды түбір* дегеннен гөрі *туынды сөз* дұрыс. Себебі бұл екі термин бір-бірінің орнына қолданылып та жүр. *Туынды сөз* терминінің мағынасы *туынды түбірге* қарағанда кең. «Туынды түбір - туынды сөздердің бір тобының аты ғана. Туынды түбірлерге тек жұрнақ арқылы, синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер ғана жатады («Сөзжасам-1989»). Ал туынды сөзге туынды түбір де кіреді және басқа да тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздер де енеді. Мысалы, туынды сөздерге біріккен, кіріккен, қосарланған, тіркесті, яғни аналитикалық тәсілмен жасалған күрделі сөздер де жатады. Жалпы тілдегі сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған сөздердің бәрі туынды сөздерге жатады. Морфологияда А.Ысқақов туынды сөзге «морфемаларға бөлшектенетін туынды негіздерді» жатқызады. Туынды сөздің құрамында негізгі түбір морфема және қосымша морфема болуы шарт дейді. Мысалы, емші, құрама т.б. Сөйтіп, «туынды сөздер деп жұрнақтар арқылы негізгі түбірлерден өрбіген сөздерді айтамыз» А.Ысқақов. Автор туынды сөз бен туынды түбір терминдерін бір ұғымда қарастырады. Ал «Сөзжасам-1989» еңбегінде: «Туынды сөздер - өмірде пайда болған жаңа ұғымдарды атау қажетін өтеу үшін, тіліміздің сөзжасам заңдылықтары арқылы жасалған сөздер». Демек, сөзжасамдағы туынды сөздер арнайы тәсілдер арқылы пайда болған жаңа сөздер. Мысалы, *балалық, өнерпаз, сары ала, он сегіз, бүгін, шегара, ине-жіп, ыдыс-аяқ, құн* т.б. осының бәрі туынды сөздер болады.

Туынды сөздер – тілден көлемді орын алатын сөздер. Туынды сөздердің түрлері мыналар: туынды түбір, күрделі сөздер: біріккен (кіріккен) сөз, қос сөз, тіркесті сөз, қысқарған сөз.

Туынды түбір – туынды сөздердің ішіндегі ең көп тараған түрі. Ол сөзжасамның синтетикалық тәсілі арқылы жасалады. Сөзжасамның синтетикалық тәсілі сөзжасамдық жұрнақтар арқылы туынды түбір сөздер жасап, тілді байытып отырады. Туынды түбірдің мағынасы негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақтың мағынасынан жасалады. Туынды сөздің мағынасы мен негіз сөздің мағынасы үнемі байланысты болады. Мысалы: балалы, өмірлес, кесім т.б. *Балалы* туынды сөзінің мағынасы *бала* негіз сөзінің мағынасына негізделген. Сол сияқты *өмірлес* дегенге *өмір*, *кесім* дегенге *кес* сөзі негіз болған.

Туынды түбір құрамы жағынан екі морфемадан тұрады. Олар: негіз сөз бен сөзжасамдық жұрнақ.

2. Күрделі сөз - сөзжасамның аналитикалық тәсілі арқылы жасалатын сөздер тобы. Күрделі сөз кемінде екі я онан көп дара сөзден құралып, ритм, ырғақ жағынан бірұдай, лексика-семантикалық жағынан бір бүтін тұлға болады. Ж.Шәкенов: «Күрделі сөз деп екі я одан да артық сөз тізбегінен құралып, лексика, лексикалық-грамматикалық мағыналары мен тұлға, сөйлемдегі қызметі жағынан бөлшектенбей, тұтасымен белгілі бір ұғымның атауы ретінде жұмсалатын сөздерді айтамыз». Күрделі сөздің түрлері:

а) Біріккен және кіріккен сөздер. Біріккен және кіріккен сөздердің этимологиялық дамуын зерттей қарағанда, олардың о баста әдеттегі сөз тіркесінен, бір-бірімен синтаксистік амалдар арқылы сабақтаса (бірі екіншісіне бағына) байланысқан тіркестерден қалыптасқанын айтуға болады. Мысалы: *қарақат (қара қат), білезік (білек жүзік), қарлығаш (қара ала құс)* т.б. Олардың көпшілігі анықтауышық қатынастағы тіркестер

болып келеді: *бүгін–бұл күн, биыл–бұл жыл*. Сондай-ақ объектілік, мезгілдік, мекендік т.б. қатынастағы жалғаулар арқылы байланысқан тіркестерден де біріккен сөздер қалыптасқан: *бойжеткен-бойға жеткен, ойынқұмар-ойынға құмар* т.б.

Кіріккен сөз деп компоненттерінің я біреуі, я екеуі де бірдей әуелгі өз мағыналарынан айырылып (дилексикаланып), тұтасымен тұрып басқа бір жалпы мағына білдіретін және сонымен бірге сол компоненттері фонетикалық жағынан әр қилы өзгерістерге ұшырап, бір-бірімен белгілі дәрежеде әрі үндесіп, әрі ықшамдалып құралған күрделі сөзді айтамыз (А.Ысқақов). Кіріккен сөздердің қалыптасуы тілдің дыбыстық жүйесіндегі әр қилы заңдарға байланысты. Мысалы: *бәйшешек, бәйтерек* сөздерінің құрамындағы бәй элементі әуелде бай формасында болған. Кейін соңғы сыңарлардағы жіңішке дауысты дыбыстардың ықпалынан «а» формасы «ә» формасына айналып, қалыптасқан. *Белбеу* сөзінің де қалыптасуы осындай: бел+бау. Бұл сөздердің кірігуіне үндестік заңы ұйытқы болған.

Қолғанат сөзі *қол* және *қанат* сөздерінен біріккен дедік. Л дыбысының ықпалынан «қ» ұяңданып «ғ» айналған. Дыбыс үндестігі негіз болған. Оған *көгорай, боғауыз, шегара* сөздері де мысал болады.

Өліара сөзі: *өлі* және *ара*. Бастапқы сыңар дауыстыға аяқталып, соңғы сыңар дауыстыдан басталғандықтан, бастапқы дауысты ығысып, шығып қалған. Яғни буын саны кему арқылы ықшамдалған, буын ығысу заңы ұйытқы болған. Бұған *жалмауыз, қараспан, жанашыр (жаны ашыр), сарағаш*, т.б. сөздері де жатады.

Сонымен, кіріккен сөздердің дыбыстық өзгеріске ұшырап, әуел бастағы тұлғасын өзгертуі белгілі бір заңдылықтарға байланысты болады екен.

Кіріккен сөздердің құрамындағы сыңарлардың өзгеруі тек дыбыстық қана емес, грамматикалық формалардың ығысып түсіп қалуымен де байланысты. Мысалы: *қантесер-қапты+тесер, алжапқыш-алды+жапқыш, күнбағар-күнді+бағар*.

Біріккен сөз деп компоненттері мағына жағынан да, форма жағынан да өзгерістерге ұшырамай-ақ, өзара бірігіп, жинақталған біртұтас лексика-семантикалық мағына білдіретін күрделі сөзді айтамыз (А.Ысқақов). Мысалы: *асқазан, ұлтабар, түйетабан, ақсақал, балажан, көнетоз, қарақұс, шашбау, аққу* т.б.

Күрделі сөздің басқа түрлері тәрізді біріккен сөздер де сөздердің еркін тіркесі тәрізді сөйлеу я жазу процесінде құрастырылмай, сөздер сияқты даяр калпында қолданылады. Біріккен сөз құрамындағы сыңарлар өзгеріссіз бірігеді.

Біріккен сөздердің көбі терминдер болып келеді. Мысалы: өсімдік атаулары: *итмұрын, мысыққұйрық, түйетабан*. Аң атаулары: *қарақұлақ, қарақұйрық, қарабауыр* т.б.

Біріккен сөздерді сыңарларының тегі жағынан үш салаға бөліп қарастыру бар: 1) байырғы төл сөздерден: *ұлтабар, асқазан, ақсары*; 2) басқа тілден қалыптасқан: *автобаза, агротехника, автоклуб*; 3) байырғы сөз бен басқа тілден енген: *автоқалам, автоара* т.б. (Ж.Шакенов).

Біріккен сөздер сыңарларының сөз табына қатысы да әр түрлі: 1) компоненттері бір ғана сөз табынан бірігіп қалыптасқан: *бізтұмсық, тауқұдырет, кемтар* т.б. 2) әр түрлі сөз табынан бірігіп қалыптасқан: *жарымжан, бірқазан, ақсақал* т.б. (Ж.Шакенов).

Қос сөздер. Қос сөз құрамындағы сыңарлар не бір сөздің ешқандай өзгеріссіз қайталануынан, не оның бір сыңарының, не бір буынының, не бір дыбысының өзгеріп жұмсалуынан құралады. Қос сөзді бірыңғай мәндегі салаласа байланысқан (тең дәрежедегі және көбіне синонимдік немесе антонимдік мәндегі) сөздер құрайды. Мысалы: *аяқ-табақ, үлкен-кіші, күні-түні, балалы-шағалы* т.б.

Қос сөз тілде қайталама және қосарлама қос сөз болып екіге бөледі.

Қайталама қос сөздер

Қайталама қос сөздер белгілі бір сөздің я қосымшалы, я қосымшасыз түрінің екі рет қайталануы арқылы, я сол сөздің бірнеше дыбысының немесе бір буынының өзгеріп қайталануы арқылы жасалады. Мысалы: *үлкен-үлкен, мая-мая, бара-бара, сйлей-сөйлей, ат-мат, іс-міс, ап-ашық, ұп-ұсақ, өзді-өзіне, бес-бестен* т.б.

Қайталама қос сөздердің семантикалық сипаттары әр түрлі. Қайталама қос сөздердің мағыналық реңктері көп. Екі зат есім сөздің қайталануынан жасалған қайталама қос сөздерден, мысалы: мая-мая, тау-тау, қара-қара т.б., жаңа лексикалық мағына тумайды, тек сол заттарды жинақтау не бөлу мағынасы беріледі. Мысалы: *Өркеш-өркеш таулар көрінді. Мая-мая шөп үйілген.*

Қайталама қосымшасыз сын есімді қос сөздер де лексикалық мағыналарын өзгертпейді. Олар 1) өздері анықтайтын заттардың көптігін білдірсе, 2) сол заттардың бәрі де бір сипатты (реңк, сапасы) екенін білдіреді. Мысалы: *үлкен-үлкен таулардан; ұзын-ұзын сызықтар* т.б.

Семантикалық, құрылымдық тұрғыдан қайталама қос сөздердің өзіндік ерекшеліктері бар. С.Исаев қайталама қос сөздерде лексикалық мағына тудырудың да, лексика-грамматикалық мағына тудырудың да элементтері көрініп тұрады деп көрсетеді. Біздіңше, жоғарыда аталған қайталама қос сөздер лексика-грамматикалық мағына ғана тудырады. Ал белгілі бір қосымшалар арқылы жасалған қайталама қос сөздер лексикалық мағына береді. Мысалы: *көзбе-көз, ауызба-ауыз, қолма-қол, сөзбе-сөз* т.б.

Қайталама қос сөздер өмірдегі заттар мен құбылыстарда болатын көбею, топталу, еселеу, жіктелу, саралану, бөліну сияқты жай-күйлерді білдіретін форма ретінде қызмет етеді.

Екінші сыңарының белгілі бір дыбыстары өзгеріп жасалатын қайталама қос сөздердің мағыналы реңктері өзгеше. Мұндай қос сөздерде эмоциялық мән басым. Мысалы: *шай-пәй, ат-мат, хат-мат, жігіт-мігіт* т.б. Қомсыну, кемсіну, кекету, мысқылдау сынды эмоциялық реңктер бар. Ал *жалт-жұлт, даң-дұң, сатыр-сұтыр* т.б. қайталама қос сөздердің мағыналық реңктері басқаша. Мұнда дыбыстардың, көріністердің үнемі бір сарынмен, кейде алмасып отырғандығы байқалады. Ал үстеме буынмен келетін қайталама қос сөздер сын есімнің шырай түрін жасауға қатысып, мағынасы жағынан күшейту не бәсеңдету мәнін береді: *қып-қызыл, ап-арық* т.б.

Қосарлама қос сөздер

Қосарлама қос сөздер лексикалық мағынасы бөлек екі сөзден құралады. Мысалы: *үлкен-кіші, қыз-келіншек, жігіт-желең, алды-арты, ілгері-кейін* т.б.

Қосарлама қос сөздер мағына жағынан ыңғайлас, морфемалық жағынан тектес, синтаксистік жағынан теңдес сөздерден құралады. Мысалы, *ата-ана* дейтін болсақ, осы үш ерекшелік көрінеді: мағынасы-орайлас, морфемалық-бір тектес (1 сөз табы, бір формада); синтаксистік – тәуелсіз, салаласа байланысқан өзара тең.

Қосарлама қос сөздер құрамындағы сыңарлардың мағыналық дербестігі әр түрлі. Сондықтан қосарлама қос сөздер 1) екі сыңары да бірдей мағыналы қос сөздер (кұрбы-кұрдас, шыбын-шіркей, аяқ-табақ); 2) бір сыңары мағыналы, бір сыңары мағынасыз қос сөздер (жаман-жәутік, қайшы-қолаң, әуре-саран), 3) екі сыңары мағынасыз қос сөздер (алба-жұлба, ағыл-тегіл, алай-түлей) деп бөлінеді.

I. Сыңарлары мағыналы қос сөздер өзі іштей мағыналары бір-біріне қарама-қарсы (антонимдес) сыңарлардан, бір-бірімен мәнделес (синонимдес) сыңарлардан, мағынасы бір-бірімен ұштас (коррелятивті) сыңарлардан құралған деп үш топқа бөлінеді.

1. Қарама-қарсы сыңарлардан құралған қос сөздер жинақтау, топтау ұғымын береді. Мысалы, *ащылы-тоқтылы, онды-солды, асты-үсті, ащы-тұщы, бар-жоқ, жүріс-тұрыс, іші-сырты, әрі-бері, кіріс-шығыс* т.б. Мұндай қос сөздерді қайшы мәнделес қос сөздер деп те атайды.

2. Мәнделес қос сөздер топтасу, жинақтау ұғымдарын білдіреді. Мысалы, *аңырап-боздап, бағып-қағып, гүл-бәйшешек, дәрі-дәрмек, туған-туысқан, ел-жұрт, жырттық-тесік, у-шу, сәлем-сауқат, мінез-құлық* т.б.

3. Ұштас қос сөздер: *аты-жөні, апалы-сіңілі, ән-күй, әңгіме-дүкен, беті-қолы, бақсы-балгер, ойын-күлкі, салт-сана, төсек-орын, үй-жай, хат-қағаз, шай-су, есі-түсі, жылы-жұмсақ* т.б.

II. Сыңарлары мағынасыз қос сөздер. Бір сыңарлы түсініксіз қос сөздер: *айқай-сүрең, арық-тұрақ, бала-шаға, жай-жапсар, жүн-жұрқа, жоқ-жітік, кедей-кепшік* т.б. Олардың ішінде бір сыңарлары түсініксіз қос сөздер де (көр-жер, опыр-топыр), екі сыңары да түсініксіз (абыр-сабыр, әңкі-тәңкі, ығай-сығай) сөздер бар. Мағынасыз деген сыңарларды этимологиялық талдау барысында анықтап алуға болады: *бала-шаға (шаға-бала)* т.б.

Тіркесті сөздер – толық мағыналы сөздердің өзара тіркесу арқылы жасалған күрделі сөздің түрі. Мысалы: *дауыс бер, еңбек ет, ән сал, балалар бақшасы, леп белгісі* т.б. Тіркесті сөздер мен біріккен сөздерді ажырату қиынырақ. Екеуі жазылу емлесі жағынан ғана айырылады. Тіркесті сөздер мынадай сөз таптарынан болады:

-тіркесті зат есімдерге: *ауыл шаруашылығы, балалар бақшасы, күн тәртібі, сары май, қоғамдық еңбек, экономикалық бірлестік, шығыңқы баспа, ғылыми кеңес, сауда нүктесі* т.б..

-тіркесті сан есімдер: *он бір, жүз екі мың* т.б.

-тіркесті сын есімдер: *ақ ала, сары ала, торы ала, қара көк, қара торы, қара шұбар, қара кер, кең мандайлы, шоқша сақалды, қызыл шырайлы, алтын баулы* т.б.

-ең көбі етістіктен болған тіркесті сөздер: *жүгіріп келеді* т.т.

Қысқарған сөздер (аббревиатура). Қазақ тіліндегі сөздер төрт жолмен қысқарады:

1. Әрбір жеке сөздің тек басқы дыбыстарынан ғана қысқарып бірігеді: АҚШ, ТМД, БАҚ, ЖШС.
2. Бірінші сөздің басқы буынынан және соңғы сөздердің басқы дыбыстарынан қысқарып бірігеді: ҚазМУ, ҚазМТИ.
3. Әрбір сөздің басқы буындарынан ғана қысқарып бірігеді: обком, колхоз, совхоз, партком.
4. Алғашқы сөздің басқы буынынан және соңғы сөздің түбір күйінде айтылуынан құралады: партбилет, пединститут, химтазалау.

Қысқартудың үш заңдылығы бар:

1. Қазақ тіліндегі сөз тіркесіне сәйкес қысқартылған сөздер. БҰҰ, ҚазМУ.
2. Орыс тіліндегі сөз тіркесі заңына сәйкес қысқарған сөздер: биофак, филфак, физфак т.б.

Жаңа қысқарған сөздер қазіргі тілде көптеп жасалуда: ЖШС, АҚ (акционерлік қоғам), БАҚ, ЖАҚ т.т..